Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы

Тақырыбы: «Ұстаздық – ұлы мамандық» тәрбие сағатының өткізілуі туралы анықтама

2026–2027 оқу жылында мектепте жүзеге асырылып жатқан «Педагогикалық сынып» жобасы аясында қыркүйек айында 9–11 сынып білім алушылары арасында «Ұстаздық – ұлы мамандық» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға педагог кәсібінің қоғамдағы рөлін түсіндіру, мұғалім мамандығының маңыздылығы мен жауапкершілігін ұғындыру, білім беру саласына деген қызығушылығын арттыру және болашақ мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру.

Тәрбие сағаты барысында оқушылар ұстаздық мамандықтың ерекшеліктері, мұғалімнің қоғамдағы орны, жас ұрпақ тәрбиесі мен білім берудегі жауапкершілігі туралы ой бөлісті. «Ұстаздық – ұлы мамандық» тақырыбында пікір алмасу ұйымдастырылып, оқушылар өздерінің болашақ мамандық таңдауы, ұстаз бойында болуы тиіс қасиеттер туралы көзқарастарын білдірді.

Сонымен қатар педагог мамандығына қажетті жауапкершілік, шыдамдылық, мейірімділік, білімділік, қарым-қатынас мәдениеті және көшбасшылық қасиеттері талқыланды.

Іс-шара нәтижесінде оқушылар педагог мамандығының қоғам үшін маңыздылығын түсініп, ұстаз еңбегіне құрметпен қараудың қажеттілігін ұғынды. Болашақта педагогикалық мамандықты таңдауға қызығушылық танытқан білім алушылардың кәсіби бағдарлануына ықпал жасалды.

Қорытынды: «Ұстаздық – ұлы мамандық» тәрбие сағаты өз мақсатына жетті. Оқушылар педагог мамандығының құндылығын түсініп, ұстаздық қызметтің үлкен жауапкершілік пен ізденісті талап ететінін білді.

Өткізілген уақыты: 05.10. 2026 жыл.

Қатысушылар: 9–11 сынып білім алушылары.

Жауаптылар: Сынып жетекшілері.

Жоба жетекшісі:Жамбулова Р.